



## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

2018 жылғы 12 тамызда Ақтауда өткен Каспий маңындағы мемлекеттердің бесінші саммитінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан бері Каспийдегі ынтымақтастықты ары қарай дамытуға бағытталған бірқатар маңызды қадамдар жасалып, іс-шаралар атқарылды. Осы күнге дейін Каспий конвенциясын Түрікменстан, Қазақстан және Әзірбайжан ратификациялады, бірақ Ресей мен Иран ратификация үдерісін әлі аяқтаған жоқ. Аталмыш саммитте Түрікменстан президенті Гурбангулы Бердымухамедов келесі Каспий саммиті мен бірінші Каспий экономикалық форумын 2019 жылы Түрікменстанда өткізуді ұсынды. Бірақ Каспий саммитін өткізу тек ұсыныс ретінде қалды, ал форум 2019 жылғы 12 тамызда Түрікменстанда ұйымдастырылатын болып, оның дайындық жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді.

Түрікменстан парламенті Каспий теңізінің мәртебесі туралы конвенцияны 2018 жылғы 1 желтоқсанда мақұлдады, ал Қазақстан және Әзірбайжан президенттері құжатты тиісінше 2019 жылғы 8 және 22 ақпанда ратификациялады. Енді конвенцияның күшке енуі Ресей мен Иран ратификацияға байланысты ішкі үрдістерді қашан аяқтайтынына байланысты. Айта кететін бір жәйт, өткен жылдың қыркүйек айында Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Игорь Братчиков ешбір мемлекет ратификациялау процесін жасанды түрде ұзаққа созбайтынына үміт білдірді. Оның пікірінше, конвенция барлық Каспий жағалауы елдерінің ұлттық мүдделерін толығымен ескергендіктен, оның ертерек күшіне енуі барлық тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл мәлімдеме негізінде Ресей конвенцияны ратификациялау үрдісін көп күттірмей жүзеге асыратын секілді болып көрінген. Дегенмен Мәскеу ратификация мәселесіне қатысты әлі нақты бір қадам жасаған жоқ.

Иран болса бұл мәселе бойынша өзара ішкі талқылау үрдісін жалғастыруда. Шынын айтқанда, Иранның билеуші топтары Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әртүрлі қабылдады. Консерваторлар мен діни қайраткерлер келісімге қол қойған Иран президенті Хасан Руханиді және тиісті келіссөздерге қатысқан Сыртқы істер министрі Мұхаммед Зарифті ел мүдделерін ескермеген деп айыптап сынға алды. Олардың пікірі бойынша, Иран Каспий теңізі аумағының үлкенірек бөлігіне иелік ету керек. Қазіргі кезде Иран парламентінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін талқылау қызу жүріп жатыр, бірақ конвенцияға байланысты елде туындаған қайшылық қалай аяқталатыны әзірге белгісіз. Ресей мен Иранда ратификация мәселесі кідіріске тап болғанына байланысты Қазақстанның Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұлов Қазақстан, Әзірбайжан және Түрікменстанның конвенцияны ратификациялағандығын атап өтіп, Мәскеу мен Теге-

ран келісімді осы жылдың соңына дейін ратификациядан өткізетіне үміттенетінін мәлімдеген болатын.

Каспий теңізі мәселелері жөніндегі жоғары деңгейдегі жұмыс тобының алғашқы отырысы 2019 жылғы 19-20 ақпанда Баку қаласында өтті. Ең алдымен тараптар жұмыс тобының ережелерін қабылдап, бесінші Каспий саммиті аясында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жайлы пікір алмасты. Сонымен қатар, жұмыс тобы мүшелері Каспий теңізінің мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау үрдісіне қатысты ішкі рәсімдердің орындалуы туралы баяндады және Каспийдегі ынтымақтастықтың түрлі аспектілерін қарастырды. Оған қоса, тараптар Каспий теңізінде баспапқы тік сызықтарды белгілеу әдістемесі туралы келісім жобасын талқылап, оның бірқатар баптарын мақұлдады. 2019 жылғы 16-17 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласында өткен жұмыс тобының екінші отырысында тараптар Бакуде көтерілген мәселелерді талқылауды жалғастырды. Белгілі болғандай, жоғары деңгейдегі жұмыс тобының келесі кездесуі 2019 жылдың шілде айында Иранда өтеді.

Аталмыш кездесулерден тыс биыл Каспий жағалауы елдерінің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған басқа да іс-шаралар өтті. Атап айтқанда, 26 ақпанда Ашхабадта Каспий теңізінде биологиялық ресурстарды заңсыз өндіруге (сұғанақтыққа) қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама жобасын талқылауға арналған Каспий маңы мемлекеттерінің өкілетті өкілдерінің төртінші отырысы ұйымдастырылды. Тараптар хаттама жобасын Каспий теңізінің мәртебесі туралы конвенцияға сәйкес егжей-тегжейлі талқылап, тиісті түзетулер мен ұсыныстар енгізді. 14 наурызда Ашхабадта Каспий маңы мемлекеттері үкіметтері арасындағы Каспий теңізіндегі ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жобасын талқылауға арналған Каспий жағалауы елдерінің өкілетті өкілдерінің бірінші отырысы өтті. Бұл келісім Каспий теңізіндегі түрлі ғылыми іс-шараларды өткізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды бақылау және болжау салаларында ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын нығайтады деп күтілуде.

Оған қоса, 24 сәуірде Астрахан қаласында аймақтағы қауіпсіздікті нығайту жолдарын және Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісім мәртебесін талқылау мақсатында Каспий маңы мемлекеттерінің қорғаныс министрліктерінің бірінші кездесуі өтті. Кездесу барысында Ресейдің Каспий флотиясының қолбасшысы, адмирал Сергей Пинчук келісімнің аймақтағы әскери навигация мен аэронавигацияның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығын атап өтті. Тараптар келешекте Каспий теңізіндегі сенімді нығайту шаралары туралы келісім жобасын талқылауға дайын екендігін білдірді. Атап өтетін бір жәйт, 2019 жылғы 14 мамырда Қазақстан прези-

денті Қасым-Жомарт Тоқаев «Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау туралы» заңға қол қойды. Каспий теңізінің конвенциясы сияқты, бұл құжатты Қазақстаннан басқа Түрікменстан және Әзірбайжан ратификациялады, ал Ресей мен Иран ішкі мақұлдау рәсімдерін әлі аяқтамады.

Соған қарамастан, Каспий жағалауы елдері өзара экономикалық ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Осы тұрғыдағы мәселелерді талқылайтын бірінші Каспий экономикалық форумы 2019 жылғы 12 тамызда Түрікменстанда өтеді. Форум негізгі үш іс-шарадан тұратын болады – халықаралық конференция, Каспий инновациялық технологиялар көрмесі және тараптардың компаниялары мен кәсіпкерлері арасында келісімшарттарға қол қою рәсімі. Конференция аясында төмендегідей мәселелер қарастырылады: бірлескен инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру; еркін экономикалық аймақтарды құру және дамыту бойынша тәжірибе алмасу; экономика саласындағы заңнама, стандарттар, ережелер және статистикалық ақпарат бойынша тәжірибе алмасу; сандық экономикадағы ынтымақтастық; жағалау мемлекеттерінің өңірлері арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту; және бірлескен кәсіпорындар құру. Бірінші кезекте, Каспий маңы мемлекеттерінің өкілдері мұнай-газ, электр энергетикасы, көлік, сауда, агроөнеркәсіптік, туризм және басқа да салаларда ірі жобаларды іске асыру үшін қандай жағдай жасау керектігін талқылап, инвестициялық тартымдылықты арттыру жолдарын анықтайды.

Қорыта айтқанда, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін Каспий аймағында жаңа экономикалық жобалар бастама алады деп күтілген. Шынымен де, жағалау мемлекеттері Каспий теңізі арқылы жүк тасымалдау және транзит мәселелері бойынша өзара ынтымақтастықтарын кеңейтті. Алайда, суасты құбырларын салу мәселесі әлі де өз шешімін тапқан жоқ. Ондай жобалар қарастырылу үшін конвенция барлық жағалау елдері тарапынан ратификацияланып күшіне енуі шарт. Алайда, конвенцияны мақұлдағаннан кейін де Мәскеу мен Тегеран Каспий теңізінің экологиялық жүйесін сақтауды желеу қылып суасты құбырларын салу жобаларына қарсы шығуы мүмкін. Әрине, бұндай ықтимал қарсылықтың шынайы себебі геосаяси мүдделер мен энергетикалық саладағы бәсекелестікке байланысты болады. Қалай болған жағдайда да, Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстанның 2019 жылдың ортасындағы басты мақсаты Иран мен Ресейді конвенцияны ратификациялау үрдісін кейінге қалдырмай, тездетуге көндіру.

## Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Меккеде Ислам ынтымақтастығы ұйымының (ИБҰ) «Болашаққа бірге» тақырыбындағы 14-ші саммиті өтті. Қатысушылар Палестина, исламофобия, экстремизм, мұсылман қауымдастықтары мен азиялықтардың мәселелері сияқты ислам әлеміне ортақ мәселелерді қарастырды. Саммитте Түркияның ИБҰ-ға төрағалық етуі Сауд Арабиясына қошты.
- Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еуразиялық интеграция жөніндегі идеясының 25 жылдығы мен Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕЭО) құрылуының 5 жылдығы құрметіне орай Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы өтті. Қатысушылар одақтың ағымдағы қызметі мен одан әрі даму перспективаларын, оның ішінде ЕЭО сандық күн тәртібін іске асыру және Сербиямен сауда туралы келісімге қол қою мәселелерін талқылады.
- Тәжікстан, Қазақстан және Өзбекстанға жасаған сапары барысында Еуропа кеңесінің төрағасы Дональд Туск әр аймақтың басшылығымен аймақтық және екіжақты ынтымақтастық, шекара қауіпсіздігі, климаттың өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін талқылады. Туск Еуропа одағының (ЕО) жаңа Орталық Азия стратегиясы аясында аймақ пен аймақтағы жекелеген елдермен тығыз қарым-қатынас орнату ниетін растады.
- Брюссельде ЕО мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы жоғары деңгейдегі саяси және қауіпсіздік диалогының алтыншы отырысы өтті. Отырысқа Ауғанстан арнайы қонақ ретінде шақырылды. Қатысушылар Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастық, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еуразиялық байланыстарды дамыту сияқты салаларда жаңа ЕО стратегиясын жүзеге асыру мәселелерін талқылады.
- Өзбекстанға жасаған сапары барысында Германия Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылау үшін Президент Шавкат Мирзиёевпен кездесті. Штайнмайер сондай-ақ, елдің сауда және инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпарат алу үшін жергілікті кәсіпкерлермен және Өзбекстандағы ағымдағы оқиғаларды талқылау үшін азаматтық қоғам өкілдерімен кездесті. Сонында ол Үргеніш мемлекеттік университетінің студенттерімен кездесіп, Хиуаға барды.
- Өзбекстан билігі осыған дейін Таяу Шығыстағы террористік ислам топтары бақылайтын аймақтардан 156 өзбек азаматын Ташкентке қайтарды. Олардың басым бөлігі – әйелдер мен балалар. Елге оралғандар Сириядағы күрд күштері тарапынан өзбек дипломаттарына тапсырылды. Хабарламаға сәйкес, солтүстік-шығыс Сирияда әлі 300-ге жуық өзбекстандық әйел мен бала қалған.
- Қазақстан «Жусан» арнайы гуманитарлық операциясының соңғы үшінші кезеңі аясында Сириядан 171 қазақ баласын елге жеткізді. Қазақстанға оралғаннан кейін олар оңалту шараларынан өтіп, барлық қажетті көмек алатын арнайы бейімдеу орталығына орналастырылды. «Жусан» операциясы нәтижесінде барлығы 357 қазақ баласы өз еліне оралды.

## Экономика, қаржы және энергия

- Өзбекстанға жасаған сапары барысында Ресей Премьер-министрі Дмитрий Медведев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесіп, өзара ынтымақтастықты жандандыру мәселелерін, оның ішінде Өзбекстанда АЭС құрылысы сияқты ірі инвестициялық жобаларды іске асыруды талқылады. Бұдан кейін Медведев Үргеніш қаласында үкімет басшылары деңгейінде өткен Өзбекстан-Ресей бірлескен комиссиясының алғашқы кездесуіне қатысты.
- Ашхабадта сауда-экономикалық және гуманитарлық байланыстарды талқылау үшін ТМД Үкімет басшылары кеңесінің отырысы өтті. Тараптар құжаттар пакетіне, оның ішінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы ТМД кеден органдарының ынтымақтастығы туралы, фундаменталды зерттеулердегі мемлекетаралық қарым-қатынастарды үйлестіру және мұражай істеріндегі ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды.
- 2019-2021 жылдары Азия даму банкі (АДБ) 150 млн. доллар сомасында несиені беру арқылы Түрікменстандағы экспортты ұлғайтуды көздеп отыр. Сондай-ақ, банк елдің көліктік және транзиттік әлеуетін дамытуға, электр энергиясын экспорттауға және жеке сектордың операцияларын дамытуға ықпал ететін перспективалық жобаларға 690 млн. доллар бөледі. 2011-2018 жылдар аралығында АДБ Түрікменстанға 625 млн. доллар қарыз берген.
- Пленарлық отырыста Қазақстан Парламентінің жоғарғы палатасы Сенат ЕЭО мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заң қабылдады. Келісім техникалық реттеу процедураларын, санитарлық және фитосанитарлық шараларды жеңілдетуге, сондай-ақ кедендік ынтымақтастықты дамытуға бағытталған, бірақ өзара саудадағы тауарлық тарифтерді жоймайды немесе азайтпайды.
- Әзербайжан мен Қазақстан Каспий теңізінің түбінде екі ел арасындағы талшықты-оптикалық кабель желісін салу туралы екіжақты үкіметаралық келісімді ратификациялау туралы шешім қабылдады. 2019 жылғы наурызда қол қойылған құжатқа сәйкес, жобаны AzerTelecom, Transtelecom және KazTransCom компаниялары жүзеге асырады.
- Үндістандық Casa Bianca компаниясының өкілдері Өзбекстанның Наманган аймағына барып, жеміс-көкөніс өнімдерін Үндістанға экспорттау үшін жергілікті фермерлермен келісімшартқа отырды. Сапардың қорытындысы бойынша өзбек өріктерінің алғашқы партиясы Үндістан нарығына жеткізіліп, Үндістанның ірі сауда желісі Big Bazaar арқылы таратылды.
- Грузияның Aigroop және Қытайдың Shangan компаниялары бірлесіп 2021 жылдың жазына қарай Кутаиси қаласында электр энергиясын өндіретін зауыт салуды жоспарлап отыр. Компанияда 300 жергілікті тұрғын жұмыс істейтін болады және ол пайдалануға берілгеннен кейін 18 айдан соң кем дегенде 5 мың электрлік көлік құрастырылады.

## Қоғам және мәдениет

- Грузия ұлттық статистика басқармасының мәліметтері бойынша, 2018 жылы грузиндердің 20,1%-ы абсолютті кедейлік жағдайында өмір сүрді. Ауыл тұрғындары қалалық жерлерде тұратындарға қарағанда абсолютті кедейліктен көбірек зардап шеккен: ауылдық жерлерде тұратындардың 23,1%-ы абсолютті кедейлік жағдайында өмір сүрсе, қалалық жерлерде бұл көрсеткіш 18%-ды құрады.
- Армян парламенті құмар ойындар туралы қолданыстағы заңға өзгерістер енгізу арқылы елде букмекерлік қызметке шектеу енгізу мәселесін талқылады. Мақұлданған жағдайда, құмар ойындарға тәуелділікті азайтуды көздеген өзгеріс 2020 жылдың қараша айынан бастап букмекерлерге тек Цахкадзор, Джермук, Севан және Мегри қалаларында ғана жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- Баку Олимпиадалық стадионда 2019 жылғы УЕФА Еуропа лигасының финалы ағылшын Челси және Арсенал футбол клубтары арасында өтті. Екі клубқа қолдау көрсететін топтар билет сату және баға белгілеу процедуралары мен логистикалық қызметтердің сапасына көңіл толмай, матчтың ұйымдастырылуын сынға алды. Арсенал УЕФА-ның бұл матчты Бакуде өткізу туралы шешімін «қабылдауға келмейтін» деп танып, жағдайдың қайталанбауын талап етті.
- «Беларусьфильм» төрт болашақ фильмінің, оның ішінде «Купала» атты жылдың басты ұлттық фильмінің шағын үзіндісін ұсынды. Белгілі беларус ақыны, әрі жазушысы Янка Купаланың өмірбаяны Вильнюсте, Мәскеуде және Минскте түсірілді. Басқа жобалар арасында «Иллюзиялар» атты алғашқы жасөспірімдерге арналған беларус ситкомы, атаусыз тарихи фэнтези және «Диверсант тағдыры» атты соғыс фильмі бар.
- Түркі әлемінің 2019 жылғы мәдени астанасы Ош қаласында ТҮРКСОЙ суретшілерінің 21-ші кездесуіне қатысқан суретшілердің көркем өнер туындылары көрмесі ашылды. «Сүлейман-Тоо» мұражайында ашылған «XXI ғасыр суретшілерінің көзінмен көне Ош қаласы» атты көрмеде 10 түркітілдес мемлекеттен 11 суретшінің туындысы қойылған.
- Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Өзбекстандағы Бұхара әуежайын 2018 жылы ТМД-дағы ең үздік әуежай ретінде таныды. Бұхара әуежайы 1999 жылы халықаралық мәртебеге ие болды. Ал 2011 жылы өткізу қабілеті сағатына 400 жолаушыға жететін жаңа терминал кешені салынды. Жыл сайын 120 мыңнан астам жолаушы, соның ішінде 15 мыңнан астам шетелдік турист әуежай қызметін пайдаланады.
- Қазақстан елордасында Nur-Sultan EthnoFest атты алғашқы этномәдени мерекелік іс-шара өтті. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт қауымдастығы ұйымдастырған іс-шара бағдарламасы аясында экспозициялық киіз үйлер қалашығы, жылқылар мен құстардың көрмесі, ортағасырлық стильде жасалған этнобазар, керамика және басқа да дәстүрлі колөнер туындыларының көрмесі болады.